**Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысы Колин Пауэллдің Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 8-9 желтоқсандағы жұмыс сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 желтоқсан N 1577

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысы Колин Пауэллдің жұмыс сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларының жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) Жоспармен көзделген іс-шараларды іске асыру жөнінде накты шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Америка Құрама

Штаттарының Мемлекеттік хатшысы Колин Пауэллдің жұмыс сапарын өткізуге, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерінің қонақүйде тұруына 2001 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 33150 (отыз үш мың бір жүз елу) теңге сомасында қаражат бөлсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 6 желтоқсандағы
N 1577 қаулысымен
бекітілген

Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысы Колин Пауэллдің
Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 8-9 желтоқсандағы жұмыс сапарын
дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларының

ЖОСПАРЫ

| Р/с N | Іс-шара | Орындау мерзімі | Орындауға жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысы Колин Пауэллдің жұмыс сапарының бағдарламасын дайындау | 2001 жылғы 6 желтоқсан | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 2 | Американдық делегация құрамын келісу | 2001 жылғы 6 желтоқсан | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 3 | Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысы Колин Пауэллдің жұмыс сапарын өткізу жөніндегі шығыстар сметасын дайындау | 2001 жылғы 6 желтоқсан | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 4 | Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен жұмысты ұйымдастыру | 2001 жылғы 6 желтоқсан | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 5 | Ресми делегацияны және еріп жүретін тұлғаларды Астана қаласының әуежайында күтіп алуды және шығарып салуды ұйымдастыру | 2001 жылғы 8-9 желтоқсан | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Астана қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (келісім бойынша), Қазақстан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті |
| 6 | Делегация мүшелерінің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен кедергісіз ұшып өтуін, арнайы ұшаққа тұрақ беруді, қызмет көрсетуді және жанар-жағар май құюды қамтамасыз ету | 2001 жылғы 8-9 желтоқсан | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі |
| 7 | Америка Құрама Штаттарының делегациясын Астана қаласының әуежайында күтіп алуды және шығарып салуды техникалық безендіру, ресми делегациялар залы арқылы қызмет көрсету, шай үстелін ұйымдастыру, сондай-ақ делегация басшысының жұбайы болатын объектілер мен Астана қаласы бойынша танысу экскурсиясын дайындау | 2001 жылғы 8-9 желтоқсан | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Астана қаласы.ның әкімі |
| 8 | Делегацияға Астана қаласы бойынша көліктік қызмет көрсету | 2001 жылғы 8-9 желтоқсан | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) |
| 9 | Жүру бағыттары бойынша Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің машиналарымен бірге алып жүру (бағдарлама бойынша) | 2001 жылғы 8-9 желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 10 | Күзетілетін тұлғалар мен делегацияның әуежайда, жүру бағыттары бойынша, іс- | 2001 жылғы 8-9 желтоқсан | Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | шаралар өткізу және тұратын орындарында қауіпсіздігін қамтамасыз ету (бағдарлама бойынша) | | Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 11 | Делегация басшысына, оның жұбайына, сондай-ақ ресми делегация мен еріп жүретін тұлғаларға медициналық қызмет көрсету | 2001 жылғы 8-9 желтоқсан | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі |
| 12 | Делегация басшысы мен мүшелерін "Окан-Интерконтинен. таль Астана" қонақүйде орналастыруды ұйымдастыру | 2001 жылғы 7-9 желтоқсан | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 13 | Делегация басшысы және оның жұбайы үшін сыйлықтарды сатып алу, сондай-ақ бағдарлама мен басқа басылымдық өнімдерді дайындау | 2001 жылғы 6 желтоқсан | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 14 | Қазақстан Республикасы Президентінің Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысымен кездесуіне арналған сұхбатына тезистер мен материалдар дайындау | 2001 жылғы 6 желтоқсан | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (шақыру), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс |

министрлігі, Қазақстан
Республикасының Денсаулық
сақтау министрлігі,
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым
министрлігі, Қазақстан
Республикасының Ауыл
шаруашылығы министрлігі,
Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау
министрлігі, Қазақстан
Республикасының Көлік
және коммуникациялар
министрлігі, Қазақстан
Республикасының Қорғаныс
министрлігі, Қазақстан
Республикасының Экономика
және сауда министрлігі,
Қазақстан Республикасының
Энергетика және
минералдық ресурстар
министрлігі, Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігі, Қазақстан
Республикасының Табиғи
монополияларды реттеу,
бәсекелестікті қорғау
және шағын бизнесті
қолдау жөніндегі
агенттігі, Қазақстан
Республикасының Бас
прокуратурасы (келісім
бойынша), Қазақстан
Республикасының Ұлттық
қауіпсіздік комитеті
(келісім бойынша),
Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | (келісім бойынша) |
| 15 | Қазақстан Республикасы Президентінің атынан ресми емес қонақасы ұйымдастыру | 2001 жылғы 8 желтоқсан | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 16 | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің атынан қабылдау ұйымдастыру | 2001 жылғы 9 желтоқсан | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |

---

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК